

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2026 жылғы 12-18 ақпан

Респонденттер саны: 18

(AERC, Alatau City Bank Analytics, Alatau City Invest, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, NAC, Азия Даму Банкі, АКРА, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт/ бағалау)	2026	2027	2028
Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	69,1	62,0 (62,5)	63,7 (64,1)	65,3 (67,5)
ЖІӨ өсімі %, ж/ж	6,5*	5,0 (4,8)	4,5 (4,4)	4,3 (4,2)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	12,3	10,0 (10,8)	8,0 (6,9)	7,0 (6,5)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	18,0	15,9 (16,0)	12,0 (12,5)	11,0 (10,0)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	89,7*	83,7 (88,0)	90,6 (91,6)	93,0 (97,8)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	79,6*	73,1 (77,0)	75,6 (79,0)	79,0 (84,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	521,6	535,0 (537,0)	555,1 (559,5)	578,0 (580,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме** Жылдық %		10,0 (9,0)		
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі*** %, ж/ж		4,5 (4,0)		

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасына қатысты сценарий шарттары бүкіл болжамды кезеңде қайта қаралып, біршама төмендеді. 2026 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 баррель үшін орта есеппен **62** АҚШ доллары деңгейінде, 2027 және 2028 жылдары тиісінше **63,7** және **65,3** АҚШ доллары деңгейінде күтілуде.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсуіне қатысты болжамдар біршама жақсарды. 2026 жылы ЖІӨ өсімі **5%** деңгейінде, 2027 және 2028 жылдары тиісінше **4,5%** және **4,3%** деңгейінде күтілуде.

* ЖІӨ – ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның 2025 жылға жедел деректері, экспорт/импорт – ҚРҰБ-ның 2025 жылға алдын-ала бағалауы

** Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

*** Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

ТБИ. 2026 жылға жасалған инфляция болжамы 10,8%-дан **10%**-ға дейін төмендеді, ал 2027 және 2028 жылдарға жасалған болжамдар тиісінше **8%** және **7%**-ды құрады.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеме бойынша 2026 жылға күтулердің медианасы аса өзгермей, **15,9%** деңгейінде қалыптасты (алдыңғы болжам – 16%). 2027 жылдың соңына жасалған болжам 12,5%-дан **12%**-ға дейін төмендеді, 2028 жылға – 10%-дан **11%**-ға дейін өсті.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлеміне қатысты болжамдары айтарлықтай өзгерген жоқ. 2026 жылға болжам **83,7** млрд АҚШ доллары, 2027 жылға – **90,6** млрд АҚШ доллары, 2028 жылға – **93** млрд АҚШ доллары деңгейінде.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Тауарлар мен қызметтер импортының көлеміне қатысты респонденттердің болжамы біршама төмендеп, бүкіл болжамды кезеңде **73–79** млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасты.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың USD/KZT бағамына қатысты күтулері нығая жағына қарай шамалы түзетілді. 2026 жылы USD/KZT бағамы жылдық орта есеппен 1 АҚШ долларына **535** теңге деңгейінде, 2027 жылы – **551,1** теңге, 2028 жылы – **578** теңге деңгейінде болады деп болжанып отыр.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі 9%-дан **10%**-ға дейін өсті.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші 4%-дан **4,5%**-ға дейін өсті.

Көптеген макроқорсеткіштер бойынша **болжам диапазоны** барлық болжамды кезең бойында әлі де кең ауқымда сақталып отыр. Ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. Бұл сарапшылардың ішкі және әлемдік экономиканың жақын аралықта және ортамерзімді даму келешегіне қатысты белгісіздігін көрсетеді.